

Бауыржан Момышұлы соғыс кезінде батальон командирінен дивизияға дейінгі жолдан өтті. Ол соғыс оқиғаларының ортасында болды, қиын жағдайларда маңызды шешімдер қабылдады, өмірін ғана емес, сонымен бірге жауынгерлердің тағдырына жауап берді, бұл оған жауынгерлік жағдай мен ұрыс панорамасының тірі бейнесін шынайы бейнелеуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Момышұлы Б. За нами Москва. – Алматы, 2009. – 496 с.
2. Момышұлы Б. Неисчезающий след. – Алматы, 2009.- 296 с.
3. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы, 1988.- 286 б.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ЗАМАН КЕЗЕҢІ АЛАШТЫҚТАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Кошербаева С.А.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., профессор Өскембаев Қ.С.

Астана халықаралық университеті

janpeople3@gmail.com

Астана қ.

Кезінде «Алаш» көшбасшысы, ұлт ұстазы **Ахмет Байтұрсынұлы**: «Бүгінгі қоғам кешегі күннің бауырынан туады» деген екен. Шынында сақ дәуірінің «Алтын адамынан» бастап, бүгінгі Астанамызға дейінгі аралық тұтас бір ұлттың басып өткен тарихының көрінісі.

Тарих – өткен заманның жайынан хабар беріп, адамзаттың бүгінгі күнге қалай келгендігін және болашағын анықтауға анық құрал бола алады. Өзінің тарихын жоғалтқан, ұмытқан ел жолынан адасып, не істеп, не қойғанын білмейді. Сондай-ақ келешекте басына қандай күн туарына көзі жетпейді. Тарихтың мәні туралы **Әлихан Бөкейхан** өзінің «Қазақтың тарихы» мақаласында:

«Тарих не айтады? –десеңіз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі; олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі; қандай қуаты барлығы, ол қуатты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досты-дұшпаны кім екендігі; не себептен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады.

Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрі де өткендегі бір істің нәтижесінен туған болады. Сол секілді, келешекте біздің басымызға түспек бір уақиға, осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ қандай істен нәтиже туатынын анық білетін боламыз: жақсы істен – жақсылық, жаман істен – жамандық туақшы. Бұрынғының «не ексең – соны орасың» деген сөзінің терең мағынасы осы»[1;363] – деп жазады.

Тарих ғылымының артықшылығы жайында **Қошмұхамбет Кеменгерұлы** өзінің «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде былай суреттейді:

«Белгілі жол көрсетуден бұрын қазақ тұрмысына тарихи көз салу шарт. Өйткені қазіргі тұрмыстың шаруа, мәдени, рухани жағы болсын –өткен тұрмыстан қалып отырған мұра. Тарихи тексеруден екі мақсатқа қол жеткіземіз: 1) қандай шарттардың қазақты қазіргі күйге келтіргенін білеміз; 2) бұдан былай қазаққа қандай болудың қолайлығын білеміз»[2;11].

Міржақып Дулатұлының «Қазақ» газетіндегі «Тарихи жыл» атты жазбасында Отан тарихының жаңа заман кезеңін төмендегідей топтайды:

«Қазақ халқының өткен дәуіріне айналып қарасақ, түрлі тарихы зор оқиғалар, өзгерістер бастан кешіргенін көреміз:

- Қазақ-қалмақтың жауласқан заманы;
- Ақтабан шұбырынды;
- Ресейге бағынған шағымыз;
- Кенесары заманы;
- Қоқан заманы;
- 1868-ші жылғы жаңа заңның шығуы.

Бұлардың әр қайсысы өз тұсында толқынсыз өтпеген болса да, ала бұлттай бір тап ел жаман болса, Екіншісі аман болып, үш жүздің баласына шалығын тегіс тигізе алған емес»[3].

XX ғасырдың басында құрылған тұңғыш ұлттық республикамыздың өзінен алдыңғы болған оқиғаларды Міржақып Дулатұлы кезеңдеп бергеніндей Алаш зиялыларының жазбалары арқылы шолып өткеніміз жөн.

Қазақ хандығы құрылғаннан бастап, мемлекеттің іргесін бекітіп, халықты біріктіру үшін қанды ұрыстар мен шайқастарды бастан кешірді. Жаңа мәдени орталықтар мен қалаларды иелену мақсатында Шайбани әулеті, Моғол хандығы, Темуридтер империясы, Бұхар және Хиуамен соғысты. Ұлт тарихында қанды әріптермен жазылып, халық жадында қайғы-қасіретпен есте қалған тарихи кезең – жоңғар-қалмақ шапқыншылығы

болатын. Жоңғар тайпалары Шыңғыс хан кезіндегі моңғол тайпаларынан құралып, XIV-XV ғасырларда Ойрат одағына бірікті. 1635 жылы орталықтанған Жоңғар хандығын құрған Батур қонтайшы, қазақ даласына алғашқы шабуылдарын бастады. Осы тұста **Мұхамеджан Тынышпаев** өзінің еңбегінде қазақ-жоңғар қатынастарының басталуы туралы деректерді келтіріп, жоңғарлардың қазақ жеріндегі алғашқы жорықтары жайында жазады:

«Қалмақтар мен қазақтар арасындағы өзара жаулық қарым-қатынас қалмақтар одаққа біріккен кезден (1399-1400жж.) басталып, қытайлар оларды толығымен дерлік жойғанға дейін (1757ж.) жалғасты. Бір жақ екінші жақтың шапқыншылығынан айыға бастағанда, олар өздерінің әскерлерімен жау аумағына басып кіріп, шекаралық ру-тайпаларды ойрандап жатты...»[4;194].

Жоңғар басқыншыларының қазақ даласына кіргенінен бастап, қазақ жасақтарымен жоңғарлар арасында ірі шайқастар болып өтті. Бұл басқыншылық әрекеттер көшпелі жұрттың өміріне қатты әсер етті. **Жақып Ақбаев** жоңғарлардың тарихи сахнаға шығуы мен қазақ халқы үшін ауыр кезең – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарының басталуы жайында өз баяндамасында тоқталып өтеді:

«Саяси көкжиекте пайда болысымен қалмақ халқының даңқы мен күш-қуаты арта түсті. Осы бір еңбек сүйгіш әрі адал, бейбіт кездегі малы әрі диқан халық соғыс кезінде ертегідегідей алыптарға айналатын; олар өз жолында кездескендердің бәрін күйретіп, жеңіп отырды; өз шеберлері жасаған темір жейде киген олар жеңімпаз әрі қайтпас қайсар болатын. Ақырында, бұл халықтың Цеван-Рабдан және Голдан-Церен қонтайшылар сынды әбден лайықты басшылары болды. Біріншісі Ташкент, Түркістан, Сайрам сияқты мәдени орталықтарға тез әрі әбжіл шабуыл жасап, қазақтарды тас-талқан етті де, мекен еткен жерінен қуып тастады, жаудың қауырт жасаған тегеурініне төтеп бере алмаған қазақтар әбден берекесі кетіп, оңтүстікке – Бұхараға, Хиуаға және басқа өлкелерге ығысты. Соғыстағы жеңіліске табиғаттың дүлей апаты қосылып, қар аралас жаңбыр жауып, жердің бетін мұз құрсады. Шөп болмағандықтан мал қырылып, тамақ өнімдері мен азық-түліктің болмауынан бала-шаға қазаға ұшырады, жас өмір қырыштарынан қиылды. Халықтың басына түскен осы бір тарихи орасан зор қасірет 1723 жылы ерте көктемде болған еді және ол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» - бүкілхалықтың қасіреті және босқындар шаршап-шалдығып Алқакөл көлінің төңірегіне құлаған деп аталады»[5;179].

Мұхамеджан Тынышпаев *«XVII және XVIII-ші ғасырдағы қырғыз-қазақтар»* атты кітапшасында сол уақыттағы саяси оқиғаларды дереккөздермен суреттейді. 1723 жылғы жоңғар басқыншыларының шабуылынан қазақ халқының ауыр күйзеліске түсуіне себеп – халықтың қорғаныс пен қауіпсіздікке алаңдамауы, Тәукеден кейінгі хан-сұлтандардың арасындағы алауыздық пен ішкі қырқысудың кесірінен қаруланып, қамданып жатқан қалмақтарды елемей екендігін айтады[6;8]. Сонымен бірге халық аузында қалған «Алқакөл сұлама», «Сауран айналған» сөздерінің және «Елім-ай» әнінің шығу тарихына тоқталады:

«Дүрбелеңге түскен қазақтар Сырдарияға бет алып, оның арғы жағында ғана өздерін қауіпсіз сезінетіндерін ұқты. Ұлы жүз бен Орта жүздің бір бөлігі Сырдарияны өзені арқылы, Алқакөл көліне келіп жетті («Алқакөл сұлама»). Кіші жүз қазақтары Сауран («Сауран айналған») қаласын айналып өтіп, Шиелі немесе Қызыл-Ордаға (Ақмешіт) бет алып Хиуаға өтті.

Бұл тарихи апат «Ақтабан шұбырынды» деп аталды. Жоқшылық пен аштық шегіне жетті: олар арам жәндіктер мен түрлі өсімдіктердің тамырларын жеді («Жаужұмыр» - картопқа ұқсас көкөніс; «алғыр» - пиязға ұқсас, өте ащы өсімдіктің тамыры; «қозы-құйрық» - саңырауқұлақ, қайың қабығы және т.б.)»[6;8].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің *«Қалқаман-Мамыр»* дастанын «тарихи хикая» деп атап, қазақ халқының демографиясына қатысты деректер, шапқыншылық салдарынан орын алған миграциялық үрдістерді келтірген. Шәкәрімнің келтірген дерегі бойынша, қазақтардың үштен екі бөлігі қырғынға ұшыраған. Сонымен қатар, жан сақтау үшін қайың суын ішкендігін жазып, «Қайың сауған» сөзінің содан қалғандығын айтады[7;24].

Жоңғар басқыншыларының шабуылы кезінде қазақтардың Самарқан, Бұхара аймағына барғандығы туралы **Халел Досмұхамедұлы** бір құжаттың куәсі болады. 1925 жылы Самарқандта оған XVIII ғасырдың аяғына жататын бір васиха (*сату актісі «купчая крепость на землю» - сату немесе сатып алу нәтижесінде жылжымайтын мүлікке құқықтардың ауысуын ресімдейтін заңды құжат. Ресейде XVII ғасырдан бастап жерді, үйді және басқа да жылжымайтын мүлікті сатып алу-сатумен байланысты келісімдерді куәландыру үшін сату актілері қолданыла бастаған*) көрсетілген. Онда белгілі бір жер учаскесін қазақтар қалмақтардан жеңілгеннен кейін, қазақ босқындары Самарқан мен Бұхара аймақтарына ағыла бастағанда, васиха иесінің атасы сатып алғаны айтылған. Халел Досмұхамедұлы васихада көрсетілген уақыт шын мәнінде «Ақтабан-Шұбырынды» уақытымен сәйкес келеді деп мәлімдейді[6;9].

Хан Тәукеден кейінгі төрелердің жікке бөлініп, араз болуы – қазақ халқының шабуылдардан кейінгі тартқан зардабына тағы соққы түскендей болды. Қошмұхамбет Кемеңгерұлы хан-сұлтандардың араздығы Тәуке ханның рулық саясатынан бастау алғандығын жазады:

«Және де ханның жеке күш алуына көшпелі тұрмыс бөгет болды. Себебі: ханға наразы ру бір түнде түндік алып ауатын болған. Рудың ауып кетуінен қорқып хан, әсіресе күшті руға босаң болды. Күшті рудың тегеурінін босатпау үшін Тәуке хан күшті руларды ыдыратып, әлсіздерді біріктірген еді. Сол уақыттан рудың тігісі сөгіліп, жеке хандар, батырлар, билер жекеленіп, руы бір-біріне шоқпар қыла бастады»[2;44].

Қазақ даласының Ресейге қосылуы ұлт тарихының елеулі оқиғаларының бірі екендігімәлім. Өйткені бұл – Қазақ хандығының егемендігінің жойылуына және отарға айналуына алғышарт болатын. Алаш зиялылары «Ақтабан шұбырындыдан» бөлек, хан-сұлтандардың алауыздығы қазақ жерінің Ресей империясына

қосылу себептерінің бірі деп көрсетеді. «Қазақ тарихынан» кітабында Қошмұхамбет Кемеңгерұлы қазақ хандарының Ресей бодандығын қабылдауына не түрткі болғандығын жүйелеп түсіндіріп өтеді:

«Сонымен, қазақтың өз арасына да жанжал кіреді. Еділ қалмағын қысып, Жем мен Жайықтың арасына орныққан кіші жүз, орал казак-орысы мен қалмақтан қағажу жеп, ілгері баруға Ресейден қорқып, кейін қайтуға Жоңғардан қорқып, екі оттың арасында қалып, амалсыздың күнінен Ресейге бағынды. Бағынғаннан байсалды тұрмыс табамыз деп ойлады.

Әбілқайыр хан: 1) Күшті Ресейге арқа тіреп Хиуалықты, Қарақалпақты бағындырамын, үш жүзге үлкен хан боламын; 2) Тақты мұралы қыламын; 3) Қол-аяқты жинап алған соң, Ресейден бөлініп кетемін, деп ойлады. Ресей үкіметінің мақсаты: қазақты бағындырып, қазақ даласы мен отырықшы Орта Азияға керуен өткізу болды»[2;46].

Ресейге қосылудың ең басты себептерінің бірі – хан тағына талас болғандығын Мұхамеджан Тынышпаевта атап өтті. Оның жазбасындағы, қазақ хандарының арасындағы кикілжің – қайтыс болған Болат ханның орнына аға ханды таңдау мәселесі тұрғандығын жазады. Көпшіліктің пікірі Әбілмәмбетке түскендіктен, Әбілқайыр мен Сәмеке жалпықазақ ісінен өз еншілерін бөліп алып, кетіп қалған[6;11].

Ресейдің империалистік саясаты, қазақ хандарының араздығын пайдаланып кетті. Отарлаудың алғашқы белгілері тіпті бұдан ертерек Есім ханның кезінде-ақ көріне бастаған. Шығысындағы монғол тайпаларының арасындағы азаматтық соғыс, Цинь империясының қалмақтарды қудалауы – түркі хандықтарынан қысым көріп жатқан Ресейге тосыннан келген көмек болды. Алғашқыда оларға қандай саясат ұстанарын білмеген Ресей, қалмақтардың қазақ, ноғай, қырым сияқты көшпелі тайпа екендігін білген соң, сексеуілді сексеуілге ұрып сындырғандай, көшпелі түркілерге айдап салды. Сібірдегі ойрат-торғауыт тайпаларына сый мен қаржы беріп, Еділ бойындағы жазық даланы мәңгіге сыйға беремін деп шақырып алды. 1630 жылдары бұл ұсынысты мақұл алған қалмақтар, қазақ даласы баса көктеп өтіп, Еділге қарай бет алады. Қалмақтар даланы жай өтпей, ауылдарды тонап, қырғынға ұшыратқан болатын. Еділ бойына қоныстанған қалмақтар қазақ-ноғай арасын қосып отырған дәлізді бөліп тастады. Кейіннен бұлар патшаның адал жемдеттеріне айналып кетті. Патша қалмақтың қолымен, даланы түркілерден тазартып, босаған жерге бекіністерін сала бастаған болатын. Көріп отырғанымыздай «Ақтабан шұбырынды» кезеңінің басталуына Ресей патшалығының үлесі бар екендігін байқамай қалу қиын. Тәуке хан билеген тұста Ресей патшалығының тағына отырған Петр қазақ даласын – «Үндістанға шығатын қақпа» деп атап, отарлау мақсатында 1713 жылы алғашқы экспедицияларын бастап, Ертіс бойына алғашқы бекіністерін тұрғызды. Ресей билігінің князьдіктен империяға ауысуы Британия, Франция, Голландия, Испания сияқты Еуропа елдерінің колониалды экспансиясының гүлдену уақытына тұспа-тұс келген болатын. Ресейдің жаулап алушылық саясаты қазақ жерін Азияға кіру кезінде алғы шеп(буферлік зона) ретінде пайдалануды көздеді.

Ал Әбілқайырдың кезіне келер болсақ, **Мұхамеджан Сералин «Айқап»** журналының №1 нөміріндегі «Қазақ қай заманда Русияға қараған» деген мақаласында кіші жүз қазақтарының Ресеймен қарым-қатынас орнатудағы алғашқы шараларына тоқталды. Мақала мазмұны бойынша 1730 жылы Әбілқайыр хан Уфа арқылы Петерборға елші жөнелткен. Жіберген елшілері Петерборға 1731 жылдың басында жетіп, Әбілқайырдың Русия императорының қол астына қарауға көңіл барлығын білдіретін хатын сол кездегі Ресей патшайымы Анна Иоанновнаға табыстайды. Әбілқайырдың тілегін білген соң, елшілерге құрмет көрсетіліп, тартулар беріліп Петербордан қайтарылған. Елшілермен қоса оларға 1731 жылы 19-ақпанда жазылған жарлығын, аудармашы Тевкелевті, оның жанына Уфы мырзалары, бірнеше атты казак әскерлері мен қазақтардың мекен еткен қоныстарын картаға түсіру үшін екі офицер жіберіледі. Тевкелев қазақ даласында бір жылдай болып, халықта Ресейге қосылуға үгіттеп, көндірген соң, хан Әбілқайыр тағы да Петерборға елші жібереді. Жаңа қосылған жерлерді қолға толық кіріту үшін 1734 жылы штат кеңесшісі болып Иван Кириллов тағайындалады. 1735 жылы Ор суының сағасына қала салу ісін қолға алады[8]. Иван Кириллов қазақ жерін игеру және халықты басқарып, бағындыру мәселесінде аса белсенділік танытты. Тіпті оның сенат жанындағы обер-хатшы болып отырған тұсында «Қырғыздарды(қазақ) орыс бодандығында ұстау және оларды басқару тәсілдері туралы» жобасын Анна Иоанновнаға ұсынған. Ол жобада қазақтарды Ресей бұрын бағындырған табиғи халықтар(бурят, хакас) сияқты күшпен емес, мәртебелі халық ретінде қарап, оларды марапаттау арқылы бағындыру тәсілін ұсынды. Сондай-ақ жобада көшпелі халықтарды бір-біріне айдап салу, қала саламыз деген сылтаумен бекініс гарнизондарына айналдыру, хан-сұлтандардың балаларын аманаттыққа алу сияқты жоспарларды ашық көрсетеді[9;1]. Жоғарыда айтылған деректерді Қошмұхамбет Кемеңгерұлыда өз еңбегінде қуаттай түсті:

«1731-1738 жылдардың арасында Кіші жүз бағынып болды. Хүкімет 1734 жылы Кирилловты Орынборға жіберді... Оған «1) қазақты бақылайтын тыңшылар қой; 2) керуен өткізуді ретте; 3) хандарға үй, мешіт салып бер; 4) қазақты сыймен алда» деп, жоба береді»[2;46].

Алғашқыда Ресей императорының қарым-қатынасы кіші жүзге жылы көрінгенімен, кейіннен патшалық өзінің берген уәдесін әртүрлі сылтаумен орындаудан бас тартты.

«1740 жылы Әбілқайыр үкіметтен сұраған: 1) зеңбіректі жеткізу қиын деп берілмеді; 2) ел арасына сауда тартуға деген керуен жіберілмеді; 3) баласы аманаттан босатылмады; 4) Сібір бойына отырықшылыққа үйретуге салынсын деген қаласы «қазақ бір жерде басын қосып тұра алмайды» деп салынбады. Ханның да, халықтың да түпкі мақсаты орындалмады. Сонымен екеуі де наразылық көтере бастады»[2;47]. Ақыр соңында патшаға наразылығымды білдіремін деп жүрген кезде, Әбілқайыр бұрынғы дұшпаны – Барақтың қолынан қаза табады. Ары қарай Әбілқайыр ұрпақтарының арасында күндестік пайда

болып, елдің ішкі жағдайын күйзелтіп тынады. Әбілқайырдың Ресейге бағынуы турасында Халел Досмұхамедұлы Әбілқайыр және ру ақсақалдарының шағын тобы ғана патша өкіметімен сөз байласуға барып, елді бодандық алуға мәжбүр етті деп санап, кіші жүздің барлық руы бағынды дегенді жоққа шығарды:

«Әбілқайырман бірге бүкіл Кіші жүз және Орта жүздің бір бөлігі ант берді деп санау қате. Қошқарұлы Жәнібек, Бөкенбай және елдің соларға ерген бір шоғыры ант берген!»[10;33].

Орта жүз қазақтарын Ресей билігі бірден қолға кіргізе алмады. Абылай ханның сыртқы айлалы саясаты орыс бодандығын кешеуілдетіп отырды. Әлихан Бөкейхан өзінің *«Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени табыстары»* атты зерттеу жұмысында Орта жүз қазақтарының алғашқы уақытта бодандыққа ұмтылмауының себебі – орналасқан аумағы Ресей үкіметінен алыс жатқандығы оң әсер етті деп жазды:

«Халықтың орналасуын пайдаланған Үлкен және Орта орда сұлтандары Абылай, Әбілмамбет және Барақ XVIII ғасырда оның билеушілері болып қала берді. Қырғыздар арасында ең танымал хан атанған Абылай қырғыздардың бөтен билікке бағынуын мұқият болдырмады»[11;31].

Сонымен бірге, Қошмұхамбет Кеменгерұлыда Абылай ханның толық бағынбауын оның оңтайлы сыртқы саясаты мен геосаяси жағдайды тиімді пайдалана білгендігіне баға берді:

«Орта жүз ақылды Абылай хан өлгенше Ресейге толық бағынбай, алдаумен өткізді. Ресейдің Орта жүзді уысына алмағандығы: 1)жерінің шалғай жатқандығынан; 2)Қытай мен Жоңғарияның Орта жүзге жақын көрші болғандығынан; 3)аса қыса бастасақ Қытайға ауады деп қауіптенгендіктен; 4)Абылайдың саясатына кез болып, Ресей Қытай мен Жоңғарияны бір-бірімен сүзістіріп, Орта жүзге сырттан жара салдырмағандығынан»[2;49].

Кейіннен орта жүз рулары 1782 жылы Абылай ханның баласы Уәлидің және Барақтың ұлы Бөкейдің тұсында XVIII ғасыр соңына қарай Ресейдің бодандығына өтті. Ал, ұлы жүз рулары XIX ғасырдың соңында Сүйік сұлтанмен Ресей қол астына кірді. Осы ғасырдың үшінші ширегіне дейін барлық қазақ рулары Ресей империясының қарамағында болды. Тек патшаның билігін мойындамағандар – Ақмола облысын мекендеп, кейін Цинь империясы Жоңғарларды талқандаған соң, өздерінің тарихи мекеніне Тарбағатай мен Қара Ертіске қоныс аударған найман және керей рулары еді[11;32]. Қазақ даласын қолына кіргізген Ресей империясы өзінің толық бақылауын орнату үшін реформалар мен жарлықтар шығарды. Хандық билікті жою мақсатында шығарған 1822 жылғы Батыс-Сібір генерал-губернаторы М.М.Сперанскийдің *«Сібір қырғыздары туралы»*, сонымен бірге Орынбор генерал-губернаторы П.К.Эссеннің *«Орынбор қырғыздары жөніндегі»* жарғылары елдің саяси-қоғамдық өмірін түбегейлі өзгертті. Ресей үкіметі бұрынғыдай хан тағайындауды қатежінбей, әкімшілік, сот және аймақтық басқару жүйесін өздеріне ыңғайлап, қазақ халқының дәстүрлі басқару жүйесін жоюға әрекеттенді. Осы тарихи оқиғаларды ескерген **Барлыбек Сырттанов** 1911 жылы *«Қазақ елінің уставының»* кіріспесіне атаулы оқиғаларды қосқан болатын:

«... Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарда қалмақтардың күшті һәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Үш жүздің ақылды ұлдары бір байрақтың астына жиналуға уәде беріп, бас қосып, қалмақтарды күл-талқан жасады.Әбілхайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағындырты етті. Орыс патшасы жасалған шартты бұзып, қазақ жеріне бекіністер орнатты,жаулап алуды күштіледі,қара шекпенділерді қапталтты, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алды. Байғұс қазақтар өз жеріне ие болудан айрылды һәм айдалаға, құмға ығыстырылды...»[12].

Мұхтар Әуезовте өзінің *«Әдебиет тарихы»* деген кітабында қазақ халқының Ресей боданы болуға итермелеген себептеріне тоқталып өтеді:

«... Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан қалмақтар сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші: Орта Азия хандықтарының қысымышылығы, үшінші: орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы, осымен бірге тағы бір зор себеп, қазақ хандарының алалығы. Өзара жаулық пен араздық, өштік күшейіп, бірін бірі жауламақ үшін әрқайсысы кез келген жұрттан көмек іздеп, қазақ елін әр айғырдың үйіріне сіңіруге айналғандығы. Осындай көп себептер тұтасып, ел тіршілігі бір шымыштырық мезгілге жеткенде, орыс үкіметінің шенгелі қомағайлықпен созылып, қазақ даласын уысына кіргізіп әкеліп бара жатты. Орысқа бағыну, елдің алдына ұсынған сыбағалы табақтай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды...»[13;388].

Санжар Асфендияровтың *«Қазақстан тарихы»* оқулығында патшалық жаулап алудың қазақ халқына бейбітшілік пен мәдениет әкелмей, күйзеліс, тонау мен қырғын әкелді деп қорытындылаған[14].

Әлихан Бөкейхан болса патша үкіметінің отарлауын сынап, Ресей империясының өркениеттілік әкелеміз деген тұжырымсыз мақсатын өтірікке шығарып, әшкерелеп, мәдениетті емес надандық кейіпте болғандығын жазды:

«Өлкені бағындырған соң, орыстар мәдениетті жұмысқа көше алмады, өйткені бастапқыда жаулап алу тек қана баю мақсатымен жасалды және алғашқы жаулап алушылар мәдениет рөлін атқаруға мүлде дайын емес болатын. Олар адамгершілігі алғашқы қауым адамдарынан аспаған, өткендегі өмірі күмәнді, дөрекі, надан адамдар еді; рас, осының бәрі бола отырып, олар бұратаналардан жетілгендеу болып шықты, бірақ оларды бағындырған соң, саналы түрде бейбіт мәдени жұмысқа көше алмады; олар тіпті табиғаттың бай тартуларын ақылмен пайдалануға немесе өздерін еңбегімен асырауға күш-жігер жұмсаған жоқ. Керісінше, олар баюдың неғұрлым жеңіл басқа әдісін – бағындырылған бұратаналарды талап-тонау мен табиғи байлықтарды талан-тараж ету жолын таңдады»[15;62]. Ресей империясының қазақ жерін отарлауын

Әлихан Бөкейхан екі кезеңге бөліп қарастырды. Біріншісі – ерікті отарлау. Оларға ауыр тұрмыстан қашқан бейшаралар, бұратаналардың есебінен баю үшін келген алаяқтар, шаруалар, қылмыскерлер, сектанттар сияқты әртүрлі тобырлардың келуін жатқызды. Ол келімсектерге Оралдың оңтүстігі, Қазақстанның солтүстік-шығысы аймақтары қолайлы болды. Екіншісі – үкімет жасақтарының келе бастауы. Оларға Ертіс және Алтай аймағындағы табиғи байлық қызықтырып, Ресей билігі негізгі әскери күштерін сонда жібере бастаған. Кейіннен өздерінен алдын келген еріктілер басып алған жер телімдерін үкімет өз меншіктеріне өткізген[11;35]. Көріп отқанымыздай, Әлихан Бөкейханның пікірі бойынша, қазақ даласының империяға қарамағына кіруі отарлау мен жаулаудан тұрған. XVIII ғасырдың соңына қарай қазақ даласына ене бастаған басқыншылар, XIX ғасырдан бастап, жаулаған өлкелерге билікті нығайту жайын ойлай бастайды. Ежелден биліктің дәстүрлі түрі – өзін-өзі басқаратын рулық жүйемен өмір сүріп, жоғарғы биліктің не екенін білмейтін еркін көшпелі халыққа Ресей үкіметінің шығарған жарлықтары тиімді емес еді. Патша өкіметінің билікті қазақ даласында нығайту үшін жүргізген шараларына халық нарызылық және көтерілістермен жауап берді. Бірақ бұлардың көпшілігі сәтсіздіктермен аяқталды. 1870 жылға дейінгі даланың әр өңірінде болып өткен наразылықтар сәтсіздікке ұшырағанымен, патша үкіметінің билік жүргізуіне кедергі болып, қазақ жерін толыққа бақылауға алуын кешеуілдетіп отырды.

Халел Досмұхамедұлы наразылықтар турасында қазақтардың Ресейге бағынуын ол XVIII ғасыр соңы – XIX ғасырдың басындағы қазақтардың ұлт-азаттық күрестерінің жеңіліс табуының салдарымен байланыстырды. Патша билігіне қарсы қозғалыстарды Халел Досмұхамедұлы өзінің *«Исатай, Махамбет»* тарихи-зерттеу еңбегінде тізіп көрсетеді:

«Патша хукіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүздің еткен істерінің біз бірқатарын ғана білеміз. Бұлардың ішінде зорлары мыналар: 1785-1800 жылдардың шамасындағы Байұлы байбақты руынан шыққан Сырым батыр Датұлының көтерілісі. Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп, қуып, Есім ханды өлтіріп, патша хукіметімен жауласты. Ақырында жеңілді. Бұл бір. Екінші, 1830-1845 жылдардың шамасындағы Байұлы беріш руынан шыққан Исатай батыр Тайманұлының һәм Махамбет батыр Өтемісұлының көтерілісі. Үшінші, өткен ғасырдың алтысыншы жылдарының шамасындағы Әлімұлы шекті руынан шыққан Есет батыр Көтібарұлының көтерілісі. Есет сұлтан-правитель болған Арыстан «ханды» өлтірді. Есеттің інісі Бекет ұсталды. Көтерілісті хукімет басты. Төртінші, 1869-1870 жылдардағы қазақты әбден ноқталаған «Уақытша дала низамына» (Степное положение) көнбейміз деп Орал, Торғай қазақтарының жасаған көтерілісі. Бұл көтерілісті «Ауа» деп айтады. Бұ көтерілісте Кіші жүз қонысын тастап, Асанқайғы, Қазтуған жұртына – «Ауғанға» «Тесік таудан» өтіп бармақшы болды, төрелерді талады, өз ара хандар сайлады. Ақырында быт-шыт болып «хандарды» ұстап, ауған елдің көбі қонысына қайта қонып, патша хукіметіне көнді»[16;9].

Аталған соңғы көтерілісті зерттеуде **Бақытжан Қаратаев** айтарлықтай күш салды. Тіпті өзі жинаған мұрағаттық құжаттар мен баспасөз беттерінде жиналған деректерді жүйелеп, соның негізінде 1934 жылы *«1869 жылы және 1870 жылдардың басында Орынбор өлкесі қазақтарының көтерілісіне байланысты қазақ өлкесінің отарлау тарихынан алынған материалдарға шолу»*[17] деген тарихи монографиясын жазып шықты. Патша үкіметінің 1868 жылғы қабылдаған Уақытша ережесіндегі жер, дін, әкімшілік, басқару мәселелерін заңдық, тарихшылық тұрғысында қатты сынға алды. Сондай-ақ, Уақытша ережені енгізу шараларына халықтың көрсеткен қарсылықтарын тарихи объективтілік тұрғыда баяндайды. Бақытжан Қаратаевтың бұл еңбегінің құндылығы бұратана халықтың патша саясатына қарсы наразылық, көтерілісін мұрағат құжаттары мен тың деректерге сүйеніп, мәнін ашып көрсетуінде еді. Көтеріліс басшылары – Жамбек Барақов, Алуаш Байғанин, Өзберген Мұнайпасов, Есет Көтібаров, Назар Есетовтың үкімет әскеріне қарсы күресін сипаттап, әділ бағасын берді[18;136].

Халел Досмұхамедұлы Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістерін XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ тарихындағы ең ауқымды қозғалыс деп санады. Үш қозғалыстың басты мақсаты – қазақты Ресейдің отарынан құтқару болатын. Сырым мен Исатай орыс үкіметі арқылы хандарды жойып, кейіннен орыс үкіметінің өзінен құтыламыз деген ойда еді. Уақыт өте хандар мен патша үкіметінің ниеті бір екенін түсініп, екі топқа да бірдей қарсы шықты. Ақыр соңында, екі көтерілісте сәтсіздікке ұшырады.

Кенесары ханның көтерілісінің Сырым мен Исатай бастаған наразылықтарынан айырмашылығы – рулық сипатта емес, ұлттық сипатта көрініс табуы мен жойылған Қазақ хандығын қалпына келтіру болатын. Кенесары Қасымұлы саяси-тарихи алаңға өзінің бабасы Абылай ханның ісін жалғастырушы, алға жетелеуші көшбасшы ретінде шықты. Әлихан Бөкейхан өзінің монографиясында Кенесарының қазақ тарихындағы рөлі мен халық алдындағы беделін былай суреттеді:

«XIX ғасырдың қырқынышы жылдары қазақ даласы өткенді соңғы рет еске алды. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы наразы халық өкілдерінен бірнеше мың шабандоз жинап, өзін қазақ халқының бұрынғы ұлылығын қалпына келтіруші деп жариялап, халықты бір ту астында өзінің жағына шығаруға тырысты. Алайда көшпелі халықтың қалың бұқарасы Кенесарының үндеуіне немқұрайлы қарады. Бірақ оның інісі Наурызбай мен оның жолдастары көрсеткен батылдық пен батырлық халықтың көзайымына айналды, олар өздерінің жанашырлығын ашық білдірмей, Кенесарының жақтастарына үнемі қамқорлық жасап, оларды орыс әскерлерінің қуғын-сүргінінен құтқарды. Осы жағдайдың арқасында, Кенесары 7 жыл бойы қазақ даласының қожасына айналды, Орынбор мен Қарқаралыдан, Петропавлдан Түркістанға дейін қазақ ауылдары

мен орыс қоныстарын ойрандап, адамдарды тұтқынға алды. 1847 жылы Кенесары мен Наурызбай қырғыздардың қолынан қаза тапты. Қазір олардың ерекше батылдығы мен ерлігі туралы халық жсадында жыр гана қалды»[11;32].

Қошмұхамбет Кеменгерұлы Кенесары көтерілісінің басты алты себебін тізіп шықты. Бірінші – алым-салықтың көптігі, екінші – үкімет басшыларының қысымшылығы, үшінші – шенге сатылған хан тұқымдары мен еркіндікті қалаған хан тұқымдарының арасындағы араздық, төртінші – приказ жұмыстарының әділетсіздігі. Мысалға, татар саудагерлері қазақ жерімен өткенде тауарлары тоналмаса да айып төлеттірді. Бесінші – казак-орыс қысымшылығы, алтыншы – болысқа бөлінген рулардың алауыздығы[2;58]. 1841 жылы ақ киізге көтеріліп, хан тағына отырған Кенесары әскери қимылдарын үдете түсті. Оның күресі Ресейден бөлек Орта Азиядағы Қоқан, Бұхар, Хиуа хандықтарына да бағытталды. Хан болған Кенесары азаттыққа қол жеткізу үшін, үш жүздің күшін біріктіру керектігін түсінді. Бірақ оның бұл мақсатының орындалуына қазақ арасынан шыққан патшаға сатылған төре тұқымдары мен аға сұлтандар кедергі болды. Сол себепті Кенесары өзіне қосылмаған, патша үкіметін қолдаған қазақ ауылдарында аямады. Халел Досмұхамедұлы бұл қозғалысқа кіші жүздің белсенді қатыспауын – кіші жүз қазақтарының хандардан үмітінің үзілгендігімен байланыстырды. Сол уақытта Орынбор өлкесінде аға сұлтан болып тұрған Баймағамбет Кенесарыға хат жібереді. Хаттың мазмұнында: «Толқынның түбі жақсы болмас: сақтық керек, үлкен мүйізді қошқар көп қоймен келіп бір арыстанды жеңе ала ма?» - деп, жазылыпты. Бұл хатты қолына алған хан: «Қақпанды құра білмеген гана шапқызады. Сендердің билеушілерің зой. Құдайдың кең даласында жүріп, шенге қызығып бағынғанша, ақ қазамен өлсек болмайма?» - деп жауап қатып, хатты Баймағамбеттің елшісіне лақтырып жібереді[2;60]. Өмірінің соңына қарай үш жүзден толық қолдау таппаған Кенесары, қырғыз манаптарымен келіссөз жүргізем деп, 1847 қазаға ұшырайды. Осылайша Қазақ хандығының мемлекеттілік ғұмыры соңғы хан Кенесарының өлімімен тоқтады.

Көріп отқанымыздай, қазақ халқының тұңғыш мемлекетінің күйреп, құлауына әсер еткен – тұтас халықтың бірлігі кетіп, бөлініп, араздасуы болатын. Ағайынның ағайынға, туыстың туысқа, бауырдың бауырға қару көтеріп, қырқысуын араны ашылған алпауыттар жақсы пайдалана білді. Хан тұқымдарының және ру көсемдерінің билік үшін талас-тартыстарының кесірінен бірегей халық үшке бөлініп, орыс империясының құрығына түсті. Осы оқиғаларды терең зерттеп, тарихтағы ұлттың қателігін ұққан Әлихан Бөкейхан, төре тұқымынан шықсада «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!»,- деп, халық алдында ант беріп, соңғы демі үзілгенге дейін антына адал болды. Өзі хан ұрпағынан болғанымен, атақ-даңққа құмартып, таққа қызықпады. Халықтың санасына демократия, бостандық, теңдік, туысқандық ұғымдарын сіңірді. Туысқандықты рулық ағайындық мағынасында емес, бір елдің азаматтарының ұлттына, тегіне, дініне, ұстанымы мен ешбір сипатына қарамастан «азаматтық туысқандығы» деп ұғындырды. Өзінің Отаншыл, ұлтшыл ұстанымдарының арқасында ұлт көсемі атанып, патшалық әрі кеңестік кезеңде халық қамқоршысы мен қазақ жерінің жоқшысына айналды.

Қазақ халқының соңғы ханы Кенесарының қазасынан 60 жыл өткеннен кейін, **1917 жылы 12 желтоқсанда** жерімізде тұңғыш егемен, ұлттық, демократиялы, парламенттік республиканы құрды. Республика атын Жошы ханның жұртына берілген «Алаш» атауын «Отан кісісі» мағынасында қолданып, «Алаш Республикасы» деп атады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шығармалары-Сочинения. VIII т./Әлихан Бөкейхан. -Толықт. 3-бас. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. -600 б.
2. Кеменгерұлы Қошке. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары. /Құраст. Қамзабекұлы Д. -Алматы: «Ел-шежіре», -2013.-384 б.
3. «Қазақ» газеті. 1917 жыл. №212. 8 қаңтар
4. Тынышпаев М. История казахского народа: / Сост. и авт предисловия проф. А.Такенов и Б.Байғалиев /. Алматы: «Санат», 2009. – 288 с.
5. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. – Алматы : Жеті жарғы, 1996. - 224 б
6. Киргиз-казаки в 17 и 18 веках / М. Тынышпаев ; Общество Изучение Казакстана. – репринт. изд. .. – Кызыл-Орда: 1926. - 18 с.
7. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы / Құраст. Г. Мұқышева – Алматы: «Өлке» баспасы, 2013. - 416 б.
8. «Айқап» журналы. 1911 жыл. №1.
9. Материалы по истории России: Сб. указов и др. документов, касающихся упр. и устройства Оренбург. края /По арх. документам Тург. обл. правл. сост. А.И.Добросмыслов. Т. 1-2. Т. 1: 1734 год / 2 т.; 24. - Оренбург: типо-лит. Ф.Б. Сачкова, 1900. -303 с.
10. Досмұхамедұлы Х. Избранное. Сборник избранных трудов. -Алматы: Ана тілі, 1998. -С. 384.
11. Шығармалары-Сочинения. III т./Әлихан Бөкейхан. – Толықт. 3-бас. – Астана : «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018. – 616 б
12. Сыртанов Б.»Қазақ елінің ұставы»// <https://abai.kz/post/38348>

13. Абылай хан : тарихи жырлар / Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы ; М. О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты; құраст. С. Дәуіт. Бірінші том. - Алматы: Жазушы, 1993. -412 с
14. Асфендияров, Санджар Джафарович. История Казахстана (с древнейших времен) / С. Д. Асфендияров. Т. 1/-Алма-Ата ; Москва : Казахстанское краев. изд-во, 1935, - 260 с.
15. Избранное: научные исследования, труды на казахском и русском языках: Монографии. Статьи. Речи. Доклады. Стихи. Переводы. Письма/ Букейхан, Алихан. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. -478 с.
16. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. (Құрастырған Ғарифолла Әнес. 2-басылым). Алматы : «Өлке» баспасы, 2003. - 240 б.
17. Каратаев Б.Б. Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстановлением казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов / Сост. Абеннова Б.С. – Алматы, 2006. - 322 с.
18. Озганбай Ә., Құрманбеков Б. Қайраткер Қаратаев. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2013. – 256 б.

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ АҢЫЗ ҚАЛА - ҚЫЗЫЛҚАЛА

Наурызбаева Е.С.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор Есен С.Ғ.

Астана Халықаралық Университеті

nauryzbaeva2206@gmail.com

Астана қ.

Ортағасырлық Қызылқала қаласы Бозашыдан Хиуа мен Хорезмге жүретін ұлы жолдың бойында, қазіргі Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданына қарасты Шайыр ауылына жақын жерде орналасқан. Ол орталық Қаратаудан солтүстікке қарай ағып жатқан қос бұлақ қосылған Ақмыштың қасында, Шерқала тауының етегінде орын тепкен.

Қызылқала ортағасырларда базары қайнаған сауда сарайы, бір уақыттарда әскери бекініс болғандығы айтылады [3;80-81 б]

Қызылқала қаласындағы зерттеу жұмыстары XX ғасырдың 70-80 жылдары басталды. Алғашқы қазба жұмысы 1978 жылы КСРО ғылым академиясы жанындағы археологиялық зерттеу тобының Еділ-Жайық экспедициясына жетекшілік еткен Л.Галкиннің зерттеулерінен бастау алды. Бұл жылдары Қызылқала қаласының топографиялық құрылымы мен өмір сүру уақытына қатысты болжамдар жасалып, қала мәдениеті туралы жалпы ақпараттар жиналды. Экспедиция деректері бойынша қала бекініс сипатында тұрғызылған. Себебі қала қамалдарының ұзындығы 4-4,5 метрді құраған, ал орта ғасырларда 6 метрден асуы да мүмкін. Л.Галкин бекініс пен рабадқа бөлінген қаланың топографиялық құрылымына көбірек көңіл бөлеген. Бекініс 110x115 м. көлемінде, ал қамал ірі тастардан қаланған, ені 2-2,3 м. . Қаланың сыртқы бөлігі мықты сом тастардан, ішкі жағы күйдірілген қызыл кірпіштен қаланғандықтан қала Қызылқала атауын алуы мүмкін. Қалаға кіретін жалғыз қақпа оңтүстік-батыс қабырғада орналасқан. Рабадта 100-ден астам құрылыс орындары сақталған, олардың орташа көлемі 15x8 м.. Қала аумағы жанындағы қабірлерді қоса алғанда шамамен 50 га жерді қамтиды. [2;9 б] Деректер бойынша алғаш рет Л.Галкинге Қызылқала жайлы мағұлмат беріп, қаланы көрсеткен Маңғыстау өлкетанушысы, Қазақ КСР еңбек сіңірген қайраткері – Есбол Өмірбаев. Осы тұлғаның бастауымен Қазақстанның ортағасырлық құпияға толы қалаларының бірі Қызылқала зерттеуі бастау алды. Л.Галкиннің деректері бойынша қаладағы қоныстану X ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасырдың басын қамтиды. Алайда бұл ақпараттың қандай деректерге сүйеніп дәлелденгені белгісіз болды. Зерттеулер барысында Қызылқала қаласының тарихи маңызы мен мәдениеті туралы жаңа мәліметтер ашылды. Археологиялық қазбалар, қала тұрғындарының өмір салты, сауда-саттық, қолөнер және мәдениетінің дамуы туралы құнды деректерді ұсынды. [1;8 б]

Кезекті зерттеу 2004 жылы Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының археологы А.Е.Астафьев басшылығымен жүзеге асты. А.Е.Астафьев бастаған археологтардың басты мақсаты қаланың шекаралары мен оның құрылымын айқындау, барлық құрылыс кезеңдерін зерттеу және бұл елді мекеннің нақты өмір сүрген уақытын дәлел жүзінде белгілеу болды. Алғашқы қазба жұмыстары бекініс қамалдарын екі жағынан қазудан басталды. Нәтижесінде қаланың ұзақ жылдық тарихы бар екені анықталды. 2005 жылдан бастап археологиялық команда қамалдардың сыртқы бөлігін көлемді түрде зерттеп, қамалдың көптеген қабаттары бар екендігіне көз жеткізді. Яғни қала өмір сүру кезеңінде көптеген қайта құрулардан өткен. Халық бір жерде ұзақ уақыт өмір сүрген кезде құрылыс жиектерінің қатпарлары қалыптасады. Олардың тіршілік еткен кезеңдері нақты уақыты белгіленген тиындармен немесе зат қалдықтары арқылы айқындалады. Қызылқала қаласының бастапқы қазба жұмыстарынан үй жануарларының сүйектері, тұрмысқа пайдаланылған қыш ыдыстардың сынықтары табылды. Қаланың үстіңгі қабатына табылған бұл қыш ыдыстардың XIII ғасырдың бірінші жартысына тиесілі екендігі анықталды. Елді мекендегі өмір Шыңғысхан әскерінің Хорезмге жасаған талқандаушы жорығынан кейін тоқтаған болуы мүмкін. Яғни Алтын Орда дәуірінде қала болмаған. Себебі XIV ғасырда өмір сүрген қалалар үшін ең үздік материалды жәдігер – Алтын Орданың суретпен әсемделген тұрмыстық ыдыстары болды, ал Қызылқаладан оған ұқсас ештеңе табылмаған. Сондықтан Қызылқала